

## 2024 жылғы қаңтар-қыркүйектегі машина жасау саласы

Қазақстан Республикасының машина жасау өнімдерін **өндіру көлемі** 2024 жылғы 9 айда 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда ақшалай мәнде 3,3%-ға өсіп, шамамен 3,0 трлн. теңгені құрады.

Машина жасау өнімінің **НКИ** 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте өткен жылдың қаңтар-қыркүйек кезеңіне қарағанда 104,2% құрады. Сала секторлары бөлінісінде нақты көлем индексінің мынадай көрсеткіштеріне қол жеткізілді:

*Электр жабдықтары өндірісінің НКИ (111,3%),*

*Өзге де көлік құралдары өндірісінің НКИ (163,2%),*

*Компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндірісінің НКИ (209,6%),*

*Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісінің НКИ (107,2%),*

*Автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер өндірісінің НКИ (86,7%).*

Машина жасау өнімдерінің **экспорты** 2024 жылғы қаңтар - тамызда 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда ақшалай мәнде 8,8%-ға азайып, **2 655 млн. АҚШ долларын** құрады.

Осы кезеңдегі экспорттың негізгі елдері: Ресей (49%), Ирландия (13,5%), Өзбекстан (5,4%), Қырғызстан (5,2%), Түркия (4,1%).

Машина жасау өнімдерінің **импорты** 2024 жылғы қаңтар-тамызда 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда ақшалай мәнде 10,8%-ға төмендеп, **15 938 млн. АҚШ долларын** құрады. Импорт құрылымында негізгі үлес ұшақтарға (7,4%), қозғалтқыш көлемі 1501-ден 3000 см<sup>3</sup>-ге дейінгі жеңіл автомобильдерге (4,6%), смартфондарға (4,5%), жеңіл автомобильдерге арналған шанақтарға (3,9%) тиесілі болады.


Қазақстанға машина жасау өнімдерін жеткізуші негізгі елдер: Қытай (34,5%), Ресей (13%), Германия (6,6%), АҚШ (6,5%), Корея (4,3%).

Сала еліміздің солтүстік және орталық өңірлерінде (Қостанай облысы, Астана қаласы, Қарағанды, Ақмола, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары), сондай-ақ Алматы қаласында жоғары **аумақтық шоғырлануымен** ерекшеленеді.

# МАШИНОСТРОЕНИЕ январь-сентябрь 2024 г.

**3,0 ТРЛН ТГ.**

**104,2% ИФО**



- производство компьютеров, электронного и оптического оборудования
- производство электрического оборудования
- производство машин и оборудования, не включенных в другие группировки
- производство автомобилей, прицепов и полуприцепов
- производство прочих транспортных средств
- ремонт и установка машин и оборудования

**\$2 655 МЛН**



**ЭКСПОРТ**

Импорт 83,1 %  
ОТП 16,9 %



**РЫНОК**

**\$15 938 МЛН**



**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-август 2024 г.

## ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-СЕНТЯБРЬ 2024 Г., МЛРД ТЕНГЕ

